

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/URTD3257>

***Ж. Ә. Аймұхамбет¹, С. Ш. Айтуғанова², М. Н. Миразова³**

^{1,2,3}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: a_zhanat@mail.ru

«ЖАН» КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ПОЭТОЛОГИЯЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ (ПЛАТОННАН ЖӘНЕ МИФ БАЯНДАРЫНАН АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНА ДЕЙІН)

Мақалада жан, рух туралы мифологиялық, философиялық, поэтикалық таным негіздері назарға алынады. Көне дәуір ойшылы Платонның жан туралы пайымына және мифтік танымдағы түсініктерге шолу жасалып, поэтикалық кеңістіктегі жан концепциясының интерпретациясы талданады. Талдау барысында жан мен тән туралы тұжырым негіздері түсіндіріліп, Платонның жанның үш бөлішегі және екі өлішемі туралы пікірлері қамтылады. Ақыл, ерік, сезім ұғымдарымен сипатталатын жанның бөліктері адам баласы үшін қандай қызмет атқаратынын айқындаған Платон ілімі мифтік санамен салыстырылып, көне мысырлық таныммен сабақтастырылады.

Талдауға сондай-ақ философиялық пайым, мифтік таныммен салыстырыла поэтологиялық жүйедегі жанның болмысы қарастырылады. Ұлы суреткер Абайдың көркемдік-философиялық тұжырымында ежелгі түсініктен бастау алып, барынша тереңдеген жан концепциясы ерекше орын алатыны ғылыми тұрғыда зерделенді.

Жалпыадамзаттық танымда орныққан сенім – жанның яки рухтың мәңгіліктігі, ажалсыздығы. Адамзаттық биік мұрат – жан тазалығы, рух кемелдігі. Санада сақталған осы ұғым өмірлік қағидаға айналғанына қаниама гасырлар өтті. Осы қатарда қазақ ұлттық поэзиясының ұлы тұлғасы, ойшыл ақын Абай өлеңдеріндегі жан концепциясын айтуға болады. Абай поэзиясында жан мен тәннің «мен» және «менікі» ұғымдарымен анықталатыны, жанның бөліктері «ақыл», «қайрат», «жүрек» ұғымдарымен бейнелетіні талдау нысанына алынып, осы бағытта ой қорытылып, тұжырымдар жасалады.

Кілтті сөздер: жан, рух, концепция, адамзат, мифтік таным, «мен», «менікі».

Кіріспе

Әуелі жан туралы түсінікке тоқталайық. Бұл ұғымның мифологиялық және философиялық, діни түсінік-сипаттары көне дәуірлерден бастау алады. Әлем халықтарының мифтік баяндарына шолу жасағанда біз олардың бәрінде жанға қатысты мотив тұрақты түрде кездесетінін көреміз. Мифке сүйенсек, жан, кеңірек алғанда рух – дербес өмір сүре алатын жаратылыс.

Қазақтың «жан» сөзі славяндықтардың «душа», латынның «animus», гректің «anemos», «психе» сөздерімен мәндес. Гректерге тән «anemos» сөзінің тура аудармасы «жел» деген сөзге сәйкеседі екен. Бұл аталған мәндес сөздер жинақтай айтқанда «өмір тынысы» немес «өмір қуаты», «өмір күші» дегенді білдіреді. Яғни көзге көрінбейтін ғайыби күштің екпінінен пайда болатын жел, тылсым бір қуаттың лебі.

Жан ұғымының тағы бір мағынасы – адамның қосарлы сыңары, көрінбейтін, кейде көрінетін қосарлы болмысы. Жан туралы ұғым көне дәуір данышпандарының түсіндіруінде әртүрлі болып келеді.

Көне дәуірдің Платон сынды дара ойшылы адамның бір-біріне кереғар екі бастаудан тұратынын айта отырып, тәнді материалдық деп, ал, жанды эйдос ретінде түсіндірді. Жанның абстрактілі, тұрақты болмысы туралы ілім адам санасында Платонға дейін-ақ орныққанына дау жоқ. Алайда Платон тән бірнеше бөлшектен құралады, ал, жан біртұтас деп пайымдаған. Бір қызығы – жанды тұтас, бөлінбейтін бірлік деп отырып ұлы ойшыл оның үш бөлігін атап көрсетеді. Бұл функционалды бөлшектер екеніне назар аудартып, олардың әрқайсысының сипаттамасын анықтайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысанына сәйкес «жан» концепциясына қатысты Платон ілімі, көне миф мәтіндеріндегі мотивтер және Абай Құнанбайұлының поэзиясы мен кара сөздері материал ретінде алынды. Мақала тақырыбын ғылыми тұрғыда таныту мақсатында зерттеу еңбектерден дәйектемелер келтірілді. «Жан» концепциясының поэтологиялық интерпретациясын зерделеуде талдау, жинақтау және даралау, салыстырмалы және структуралық әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Платонның пайымынша, жанның ең жоғарғы, басты бөлігі – ақыл. Ол идеяларға бағынады, ақыл-ой үнемі өз-өзімен сөйлесіп, мәңгілік шындыққа жетумен айналысады.

Жанның ортаңғы бөлігі – ерік. Бұл ақиқатқа деген интеллектуалды ұмтылыспен емес, шешімталдықпен, батылдықпен байланысты, ол үнемі

белсенді, бастамашыл. Сонысымен адам баласын материалдық әлемде қозғалуға және іс-әрекеттер жасауға мәжбүрлейді.

Жанның төменгі бөлігі – сезім. Бұл ең пассивті және тәуелді бөлік. Мұнда тән қажеттіліктері шоғырланған, мысалы, дәмді тағамнан ләззат алатын жанның дәл осы бөлігі.

Адамның адамгершілік қалпы сақталып, ізгілікке сәйкес болу үшін ерік пен сезім ақылға бағынуы керек дейді ойшыл. Жанның барлық бөліктері бір-бірімен үйлесімді байланыста болып, оларға ақыл үстемдік етуі тиіс. Бұл үш бастаудың бірлігі адам жанын біртұтастыққа айналдырады. Олардың арасындағы үйлесімнің бұзылуы қайғыруға әкелсе, қайтадан қалпына келуі айрықша бір ләззатты сезімге бөлейді.

Афиналық философ бұл тұжырымын әйгілі «Мемлекет» атты еңбегінде баян етеді [1, 212].

Платон концепциясында жан екі өлшемге негізделеді. Біріншіден, Әлемдік космостық жан, ол идеялар әлемі мен сезімдік дүниені біріктіреді. Бұл Әлемдік жан космостың ортасында орналасқан, ол өзін жандандыратын және күллі әрекеттерді ұйымдастыратын, қозғалысқа келтіретін нәрсе [1, 437].

Екіншіден, жекелеген дара (индивидуалды) жан. Бұл өлшемінде ол тәнмен бірлікте өмір сүруші. Бастапқы қалпында ол Әлемдік жанның бір бөлшегі. Әрбір дара (жеке) жан әуелгіде бар нәрсе туралы ой туатын мәңгілік идеялар әлемінде болған. Сондықтан да жан идеямен туыс. «Құдіретті, мәңгі өлмес, ақылға қонымды, біртекті, ажырамас, тұрақты және өзгермейтін, өзімізге теңдес – біздің жанымыз; ал ажалды, ақыл дегенді түсінбейтін, алуан сипатты, бөлшектенетін және құбылмалы, өзімізге тең емес – ол біздің тәніміз» [2, 36]. Платонның жан мен тән туралы бұл пайымының қорытындысы бойынша, тән дегеніміз – жанның «зынданы».

Философия тарихындағы жан мәселесін зерттеу нысанына алған ресейлік ғалым Е. В. Мареева Платон тұжырымындағы адам жаны ерекше онтологиялық статусқа ие екенін атап көрсетеді [3, 93]. Яғни адамзаттық толғандырған жан ұлы философтың танымында маңызды орын алған.

Жанның ажалсыздығы, оның қанатты болуы мифтік танымға тән түсінік. Платон айтып отырған қанат оның ғана қиялының яки тұжырымының ерекшелігі деуге болмас. Жанның бес түрлі компоненті бар деп білген Ежелгі Мысыр мифтік баянында «қанатты жан» бейнесі бар.

Мысыртанушы Барбара Мерц: «Мемфис пен Фивадан жұмаққа апаратын жол қауіп-қатерге толы болды, сондықтан қайтыс болған адам егер оған дейін көптеген рәсімдер орындалмаса оған бір қадам да жасай алмайды. Өлім ақиқаты адам баласының ажалды екенін ескертті. Жан туа біткен емес, жаратылған», – деп түсіндіреді [4, 364]. Ол жан, рух туралы

көне мысырлықтардың танымына назар аударып, оларды Ба, Ка, Ах деп аталатынын жазады.

Мифологтер, дінтанушылар және философтар адам жанының мәңгіліктігі туралы сенім мысыр мифологиясынан бастау алған деп біледі. И. Г. Садовская осы пікірді қуаттай келе жанның бес компонентін атап көрсетеді. Олар: Ба, Ка, Ах (рух), Көлеңке (Му), Жүрек [5, 35]. Бұл компоненттердің әрқайсысы атқаратын міндет, миссия бар. Б. Мерц көлеңкені бұл қатарға кіргізбесе, И. Садовская сол қатарда атайды.

Мифолог Максимилиан Мюллер адамның жаны әдетте өлген кезде аузынан ұшып шыққан адам басты құс түрінде бейнеленгенін айта отырып, «Жанның» барынша көне сипатты термині «КА» (немесе Кай?), оның иероглифтік символы – жоғары қарай көтерілген қанатқа ұқсас екі қол түрінде, жанның бұл бөлшегі дененің қосарланған елесі болып өмір сүруді жалғастырады деп болжайтын сенімі екенін жазады [6, 184]. Бірақ, басқа зерттеушілер мысырлықтардың қанатты жан бөлшегін «БА» деп таңбалағаны айтылады. БА термині нені білдіретіні туралы да ғалымдар түйінді пікірді айта алмады. Мысырлық жан концепциясы туралы терендей зерттеушілердің бірі Эрик Хорнунг: «Сірә, бұған шынымен қазіргі тілде жиі кездесетіндей толықтай баламалы сөзді табу мүмкін емес. «Күш», «ерік» немесе кейініректегі «энергия», «жасампаз күш» сияқты аудармалар әр кезде соншалықты қолайлы бола қойған жоқ және ең мүмкін деген жағдайда бұл мысырлық сөздің нақты мағынасына бір бөлігімен ғана сәйкес келеді», – деген екен [7, 62]. Платон іліміндегі жанның сипаты, болмысы мысырлық миф баяндарымен үндес келетінінғе осы дәйектемелер дәлел бола алса керек.

Барынша көнерген жанның қызметі туралы бұл түсініктің поэтикалық санада құс-жан түрінде бейнеленуіне жазба әдебиет үлгілерінен мысалдар көп келтіруге болар. Ал, «ажалды дененің ажалсыз бөлшегі» Абайдай суреткердің бейнелеуінде «МЕН» ұғымымен беріліп, философиялық-поэтикалық мәнімен танылуы тіпті ерекше. «МЕН өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан», – дейді ғой ақын...

БА компонентін арнайы зерттеген тағы бір ғалым Л. Закбар «A Study of the Ba Concept in Ancient Egyptian Texts» («Ежелгі мысыр мәтіндеріндегі «Ба» категориясын зерттеу») былай дейді: «Ба, оған қатысты Ка және Ах ұғымдары сияқты (сіз бен біз Ах туралы аздап білеміз, Ка туралы өте көп білеміз) қазіргі заманғы классикалық немесе семиттік тілдердің ешқайсысында дәл баламалары жоқ сөздер. Ба ұғымын бұрын және әлі күнге дейін «жан» сөзімен аудару оның негізгі мағынасына сәйкес келмейді, сонымен қатар кейбір басқа философиялық жүйелерге сәйкес келетін, бірақ ежелгі мысырлықтарға тән адам туралы идеялардың мәнін бұрмалайтын тән мен жан арасындағы дуалистік айырмашылықты тудырады» [8, 35].

БА мен КА категорияларының жанның екі түрлі бөлшегі ретіндегі айырмашылықтары қандай деген сауалға мысыртанушылар тұжырымдарын жинақтай келе, И. Садовская мынадай анықтама арқылы жауап береді:

«КА – жанның жұмбаққа толы құпиялы компоненті. Бұл компонентке байланысты қайшы екі концепция бар. Олардың бірі КА адамның сыңары деп түсіндіретін концепция. Адам бұл дүниеде болғанда ол ана дүниеде болып, сыңарын күтеді. Оның мекені көбінде мазар делінеді, Сол жерде мәйітті күтіп алып, өзінің «туысын» қабылдайды. Ал, екінші нұсқа бойынша КА – жеке тұлғалық ерекшеліктер болып табылатын характер, темперамент, интеллектуалды ерекшелікті танытатын тылсым сипатты өмірлік күш. Мазарларға марқұмның статуясы қойылады. Бұл – КА-ның бейнесі деп қабылданған. КА кей кездерде аспан кеңістігін, жер үстін аралап кетеді, бірақ, бәрібір өзінің тұрақты мекені – мазарға қайта оралады деп түсіндірілген» [5, 36].

Жанның тағы бір бөлшегі – АХ (рух) «ажалды тәннің ажалсыз бөлшегі». Ол екі дүниені еркін кезеді. Тағы бір бөлшегі – МУ (көлеңке). Көлеңке архетипінің анықтамасы бізге К.Юнг теориясынан белгілі.

Жанның ең маңызды бір компоненті – Жүрек. И. Садовскаяның түсіндіруіне жүгінсек: «ЖҮРЕК – адам денесінің ішінде өзіндік еркіндігімен өмір сүретін жан бөлшегі. Жүрек – басқа жан бөлшектерінің эпицентрі тәріздес. Ол адам болмысындағы үстемдікке ие ерекше компонент.

Көне танымдағы жан концепциясы, оның бірнеше бөлшектерден тұратындығы туралы сенім поэтикалық ойлау жүйесінде жаңғырып, адамзаттық арман-мұраттарды көркем бейнелеудің өзегіне айналды. Біз Платон іліміндегі және көне мифологиядағы жан концепциясын қазақтың ұлы ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлы өлеңдеріндегі жан концепциясымен салыстыра қарастырайық.

Абай «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» (1895) деп басталатын өлеңінде:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп өмір сүрмес.

«Мені» менен «менікінің» айрылғанын

Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес [8, 263], – дейді.

«Көк тұман – алдындағы келер заман» (1897) деп басталатын өлеңінде «мен» және «менікі» деп таңбаланған ұғымдарды әрі қарай былайша айқындайды:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,

«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі [8, 315].

Абай «мен», «менікі» сөз-бейнелерімен қатар ақыл, қайрат, жүрек ұғымдарын [9, 70] деталь-бейнеге айналдыру арқылы рух болмысын даралайды. Бұл аталған детальдардың мифтік табиғаты туралы пайымымызды көне шумер және мысыр мифологиясындағы жанның компоненттері деп аталатын ұғымдармен байланыстыра қарастырған жөн. Ежелгі шумерліктер мен мысырлықтарда ғана емес, әлем халықтары мифологиясының барлық үлгілерінде «жан» концепциясы ерекше мәнге ие.

Шумеролог В. Емельянов шумерліктердің көне танымы туралы: «Әлемнің тұтастығы туралы айтқанда АН-КИ (аспан-жер) қосарлы сөзі айтылады... АН көктің жетінші қатынан тіршілік әлеміне адамзаттық мәдениеттің барлық түрлері, яғни кәсіп, адамдардың маңызды іс-әрекеттері, патшалық билік атрибуттары, сондай-ақ адамдарға тән кейбір мінез құбылыстары мен сипаттарын қамтитын МЕ-ні түсіреді», – деп жазады [10, 103].

МЕ категориясының шумерліктер түсінігіндегі қызметімен мысырлардың БА және КА компоненттерінің кейбір белгілері үндеседі. Зертеуші А.Соколовтың мына анықтамасына қарайық:

Көне мысырлықтардың сенімінде БА денеге оралғаннан кейін, қайтыс болған адам саналы түрде қайта тіріледі. Үш патшалық кезеңге тән мәтіндерде БА-ның адамның тірі болуы үшін қызмет ететіні осылай көрсетіледі.

Рухқа ажал жоқ. Оның мәңгілікке ұласқан сапары бар. Көне дәуірден бүгінгі күнге дейін жалғасқан мифтік сана мен поэтикалық ойлау кеңістігінде мәңгілік өмірге кепіл болатын ұғымдар, заттар мифтік-символикалық деталь түрінде әрекет етеді. Ойшылдар жанның мәңгіліктігі, адам рухы, оның негізгі элементтері туралы мифтік баяндарға сүйене отырып, өткінші дүниенің тұрақты атрибуттарын сипаттауда түрлі тұжырымдар жасайды.

Абайдың поэтикалық пайымында (он жетінші қарасөзі, «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек...» өлеңі) адам болмысындағы үш қасиет, ғылым тілімен айтсақ үш компонент – ақыл, қайрат, жүрек. Ұлы ақын рух болмысын терендей таныта түсу мақсатында адам бойындағы қасиеттерді жеке даралай алып, әрқайсысының адам өмірі үшін қандай орынға ие екенін философиялық тұрғыда суреттейді. Абайдың поэтикалық танымында бұл адами қасиеттер рухтың компоненттеріне айналған.

Он жетінші қарасөз мәтіні: «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті» [9, 70], – деп басталады. Ежелгі мәтіндерден белгілі «Қыс пен жаздың айтысы», «Жұмақ пен тозақтың айтысы» бұндай тәсілдің бастау тым көнелікте жатқанына куәлік етеді. Абай да осы көне дәстүрді ескере отырып, адам бойындағы үш қасиетті үш кейіпкерге аңналдырып, өзара таластырады.

Қайрат – адам өмірінде жетістікке жетіп, өсіп, кемелденуі үшін қажет қасиет. Ол өзінің адам үшін қандай қызмет атқаратынын баяндайды. Оның әрекеті шумерлік МЕ-нің, мысырлық БА-ның қызметіне кіретін кейбір әрекеттермен үндес келеді.

Адамды саналы әрекетке бастап, жақсы-жаманды сарапқа салатын ақылдың да айтар дауы дәлелді. Оның әрекеті мысырлық БА мен КА, шумерлік МЕ-нің кейбір функцияларымен ұқсас. Сондай-ақ мысырлықтардың мифтік санасындағы данышпандықтың әміршісі Тоттың сипатымен өте жақын. Тот мысырлық мифте тіпті «Бас құдай» саналатын Атумнан да жоғары тұрады.

«Онан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен».

Жүрек адам баласына тән мейірімді, тек жақсылыққа тиесілі нәрселерді атқаруымен ерекшеленеді.

«Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

– Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтуғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдан да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті» [9, 70]. Өлеңінде қайраттан ақылдың асуы керек деген ой айтылады:

Аспаса ақыл қайраттан,

Тереңге бармас, үстірттер [8, 338].

Мифте БА, КА, АХ, МУ, ЖҮРЕК, МЕ ұғымдарымен және түрлі әмірші-құдайлармен кейіптелетін рух түрлі қасиетке ие бірнеше компоненттен тұтасып шығатын абстрактілі болмыс. Сол компоненттердің біреуіне артықшылық берілсе, ол – жүрек. Абай қарасөзінде де ғылымның төрелігімен жүрекке билік беріледі. Өйткені ақылды да, қайратты да жөнге салып, дұрыс жолға бағыт сілтей алатын жүрек болмақ.

Жан концепциясындағы жүректің рөлі рух компоненттерінің ішіндегі жоғарғысы, әміршісі түрінде түсіндірілсе, көркем әдебиетте де жүрек айрықша жырланады. Абай поэзиясында да жүрекке бөлінген ерекше орын бар. Ол – ақыл мен қайратты билеуші, сол екеуіне үстемдік етуші. Ақынның он жетінші қара сөзінде жүректің өзі және ғылымның аузымен айтылатын қасиеті мифтік түсініктегі жан бөлшектерінің ішінедегі жүреппен толық үндеседі.

Ақын өлеңдерінде жүрек – дүниедегі жақсылық пен жамандықты, қуаншы пен қайғысын, қиянат пен зәбірді өзі арқылы өткізетін нәзік те сезімтал болмыс.

Қайрат пен ақылдың жүрекке керегі бар. Егер қайрат болмаса, ой «ұйқыда», «ақылға сәуле түспесе адамша емес, «хайуанша» күн кешпек. Бұл үш компонент түрінде көрінген үш ұғымның бір-бірінің әрекет етуі мүмкін емес. Үшеуінің бірлескен әрекеті ғана адамды адам етпек. Жүрек «дененің патшасы» болса да оған қуат берер қайрат керек. Ақылға сәуле (жүректің сәулесі) түспесе адамның адами қасиетке ие болуы екіталай:

Жүреkte қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.

Абай жүректі «дербес тұлға» дәрежесіне дейін көтереді. Сөйтіп оның «саусағын айға жайғызып» қана қоймай, оған Хақтың сәулесі түсер «көз» бітіреді. Жаратылыстың жақсылығынан нәр алып, ізгілікпен ұрлану – жүрек үшін ерекше мезет, ерекше қалып. Жақсылығы мен жамандығы тайталасқан фәни дүниеде жүректі кірбің шалмай тұрмайды. Адами асқақ мұратты пенделік күйкілік жеңетін сәттер де болар.

Эстетикалық ойлау тарихының антикалық кезеңіне тән онтологиялық түсінікке сүйенсек, шығармашылық – рухтың мәңгілік болмысын еске алу. Абай өз өлеңдерінде өзгермелі, тұрақсыз, тиянағы жоқ өмірді тілге тиек ете отырып, рух ғұмырының мәңгіліктігін паш етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ 2021–2023 жылдарға арналған мемлекеттік грантымен қаржыландырылатын «АР09259039 – Абай өлеңдерінің поэтологиялық тезаурусы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Абай өлеңдеріндегі дүниенің тұрлаусыздығы мен мәңгілік ұғымының өлшемдері, бәрі өзгерсе де «өзгермейтін бір Тәңір», рухты әйгілейтін «мен», оның компоненттері – ақыл, қайрат, жүрек туралы философиялық пайымдары митік таныммен және көне дәуір ойшыларымен сабақтастықта өрбіген.

Абайдың рух болмысын айқындайтын «мен» және тіршілік тұрпатын, тән сипатын танытатын «менікі» бейнелеулері арқылы жаңа ұғым қалыптасып, көне танымдағы рух мәңгіліктігі туралы түсініктер жаңғырып, өзіндік, дара көркем кеңістік ашылды.

Абай мұрасының ғылыми тұрғыда түрлі бағыттағы зерттеуге арқау болып келгені белгілі. Шығармалары мәңгілік өлшемімен бағалануы тиіс кеменгер суреткердің поэтикалық мұрасы – астары терең, қат-қабат сыры мол, бағзы танымнан тамырланған көркем ойлаудың озық үлгісі.

Пайдаланылган деректер тізімі

- 1 **Платон.** Собрание сочинений в четырех томах [Текст] / Платон; пер. с древнегреч. Н. В. Самсонова // Мысль, – 1994. – Т. 3. – С. 212–437.
- 2 **Платон.** Собрание сочинений в четырех томах [Текст] / Платон; пер. с древнегреч. Н. В. Самсонова // Мысль, – 1994. – Т. 2. – С. 36.
- 3 **Мареева, Е. В.** Проблема души в классической и неклассической философии [Текст] / Елена Валентиновна Мареева; – Москва: Изд-во Академический проект, 2004. – 400 с.
- 4 **Мерц, Б.** Красная земля. Черная земля. Древний Египет: легенды и факты [Текст] / Барбара Луиза Мерц; – М.: «Центрполиграф», 2008. – 364 с.
- 5 **Садовская, И. Г.** Мифология [Текст] / Ольга Осиповна Садовская ; Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2006. – 352 с.
- 6 **Мюллер, М.** Египетская мифология [Текст] / Максимилиан Мюллер; перевод с англ. Г. В. Бажанова. – М.: Изд-во ЗАО Центрополиграф, 2006. – 335 с.
- 7 **Hornung, E.** Der Eine und die Vielen. Agyptische Gottesvorstellungen [Text] / Ernst Wilhelm Hornung ; Darmstadt, 1973. Англ, пер.: Conceptions of God in Ancient Egypt. New York, 1999. – 216 p.
- 8 **Абай.** Шығармаларының академиялық толық жинағы [Мәтін] / Абай Құнанбайұлы // Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 1.Т. – Б. 35–338.
- 9 **Абай.** Шығармаларының академиялық толық жинағы [Мәтін] / Абай Құнанбайұлы // Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 2.Т. – Б. 90.
- 10 **Емельянов, В. В.** Древний Шумер [Текст] / Владимир Владимирович Емельянов: Очерки культуры. Санкт-Петербург: «Петербургское Востоковедение», 2001. – 103 с.

References

- 1 **Platon.** Sbranie sochinenij v chetyrekh tomah [Tekst] / Platon; per. s drevnegrech. N.V.Samsonova // Mysl', – 1994. – Т. 3. – P. 212–437.
- 2 **Platon.** Sbranie sochinenij v chetyrekh tomah [Tekst] / Platon; per. s drevnegrech. N.V.Samsonova // Mysl', – 1994. – Т. 2. – P. 36.
- 3 **Mareeva, E. V.** Problema dushi v klassicheskoj i neklassicheskoj filosofii [Tekst] / Elena Valentinovna Mareeva; – Moskva: Izd-vo Akademicheskij proekt, 2004. – 400 p.
- 4 **Merz, B.** Krasnaya zemlya. Chernaya zemlya. Drevnij Egipet: legendy i fakty [Tekst] / Barbara Luiza Merc; – Moskva: «Centropoligraf», 2008. – 364 p.
- 5 **Sadovskaya, I. G.** Mifologiya [Tekst] / Ol'ga Osipovna Sadovskaya ; Rostov n/D: Izdatel'skij centr «MarT», 2006. – 352 p.

6 **Myuller, M.** Egipetskaya mifologiya [Tekst] / Maksimilian Myuller; perevod s angl. G. V. Bazhanova. – Moskva: Izd-vo ZAO Centropoligraf, 2006. – 335 p.

7 **Hornung, E.** Der Eine und die Vielen. Agyptische Gottesvorstellungen [Text] / Ernst Wilhelm Hornung ; Darmstadt, 1973. Англ. пер.: Conceptions of God in Ancient Egypt. New York, 1999. – 216 p.

8 **Abay.** Shygarmalarynyn akademialyk tolyk zhinagy [Matin] / Abay Kunanbaiuly // Almaty: «Jazushy» baspasy, 2020. – 1.Т. – P. 35–338.

9 **Abay.** Shygarmalarynyn akademialyk tolyk zhinagy [Matin] / Abay Kunanbaiuly // Almaty: «Jazushy» baspasy, 2020. – 2.Т. – P. 90.

10 **Emel'yanov, V. V.** Drevni Shumer [Tekst] / Vladimir Vladimirovich Emel'yanov: Ocherki kul'tury. Sankt-Peterburg: «Peterburgskoe Vostokovedenie», 2001. – 103 p.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

*Ж. А. Аймухамбет¹, С. Ш. Айтуганова², М. Н. Миразова³

^{1,2,3}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

ПОЭТОЛОГИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ КОНЦЕПЦИИ «ДУША» (ОТ ПЛАТОНА И МИФИЧЕСКИХ ПОВЕСТВОВАНИЙ ДО ПОЭЗИИ АБАЯ)

В статье рассматриваются основы мифологических, философских, поэтических представлений о душе, духе. Произведен обзор размышлений древнего мыслителя Платона и представлений мифического миропонимания о душе, сделан анализ интерпретации концепции «душа» в поэтическом пространстве. В процессе анализа дается толкование основ заключений о душе и теле, охватывающих мнение Платона о трех частях и двух измерениях души. Проводится сравнение мифического сознания и учения Платона, в котором определяется, какую роль для человека играет каждая из трех частей души, характеризующихся понятиями «разум», «воля» и «чувство», устанавливается связь с мифическими мировоззрениями древних египтян.

В ходе анализа также рассматривается природа души в поэтологической системе в сравнении с философскими размышлениями, мифическим миропониманием. Осуществляется научное изучение концепции души в художественно-философских заключениях великого

мыслителя Абая. Данная концепция, берущая начало в древних представлениях, занимает особое место в его творчестве.

Одно из устоявшихся представлений в общечеловеческом миропонимании – вера в вечность, бессмертие души, духа. Наивысшая цель человечества – чистота души, совершенство духа. Это убеждение, прочно запечатлевшееся в сознании, на протяжении веков становилось жизненными принципами. К их числу можно отнести концепцию души в стихотворениях выдающегося представителя казахской национальной поэзии, мыслителя Абая. Сделаны заключения о том, что в поэзии Абая душа и тело определяются понятиями «я» и «мой», а составные части души выражаются такими понятиями, как «разум», «воля» и «сердце».

Ключевые слова: душа, дух, концепция, человечество, мифическое мировоззрение, «я», «мой».

**Zh. A. Aimukhambet¹, S. Sh. Aytuganova², M. N. Mirazova³*

^{1,2,3}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Material received on 13.03.23.

POETOLOGICAL INTERPRETATION OF THE CONCEPT «SOUL» (FROM PLATO AND MYTHOLOGY TO ABAY'S POETRY)

The article deals with the basics of mythological, philosophical and poetic knowledge about the soul and spirit. It also provides an overview of the ancient thinker Plato's views on the soul and concepts in mythical knowledge, and the interpretation of the concept «soul» in poetic space is analyzed. In the course of the analysis, the reasons for the conclusion about the soul and body are explained, and Plato's opinions about the three parts and two dimensions of the soul are included. Plato's doctrine that defines the functions of the soul parts, characterized by the concepts of mind, will and feelings, is compared with the mythical mind and associated with ancient Egyptian knowledge.

The analysis also considers the essence of the soul in the poetological system in comparison with the philosophical view and mythological knowledge. In the artistic and philosophical formulation of the great Abay, the concept of the soul, deeply rooted in the ancient notion, occupies a special place from a scientific perspective.

Faith in human knowledge is the eternity and immortality of the soul or spirit. The highest ideal of humanity is the purity of the soul, the perfection

of the spirit. So many centuries have passed since this concept, retained in the mind, became a vital principle. In this regard, we can mention the concept of the soul in the poems of the outstanding Kazakh poet-thinker Abay. The fact that the soul and body are defined by the concepts of «I» and «mine», and the parts of the soul are represented by the concepts of «mind», «strength», «heart» in Abay's poetry is the object of analysis, and conclusions are drawn in this direction.

Keywords: soul, spirit, concept, humanity, mythology, «I», «mine».

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz